

Н. ҚИЯҚБАЙ<sup>1</sup> , Е. АРҒЫНБАЕВ<sup>2</sup> , Р. АДІЛБАЕВА<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: nkiyakbay@gmail.com

<sup>2</sup>PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: yezhan.argynbayev@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: rsaldy.adilbaeva@mail.ru

## ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОЙЛАУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ

**Аңдатпа.** Мақалада жаңартылған білім мазмұнының тренді саналатын жобалап оқыту әдісінің ойлау дағдыларын қалыптастырудағы рөлі туралы жазылған. Жобалап оқыту немесе оқыту жобасы стандартты ойлаудың моделінен сыни, тереңірек немесе жоғары дәрежеде ойлау дағдыларын дамыту құралы ретінде қарастырылады. Шет тілінің көмегімен басқа пәндермен пәнаралық байланысты орната отырып, мектеп контексінде оқушылар назарына түрлі жобаларды ұсына отырып, оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сүйене отырып оқытуды көздеу арқылы қазақстандық мектеп мұғалімдерінің сабақ өткізу сапасын арттыруға болатынын көрсетеді. Шет тілі сабақтарында жобаға негізделген оқытуды ұйымдастыруда CLIL әдісінің тиімділігі орасан зор. Пәнаралық интеграцияларды ұйымдастыра отырып, лингвистикалық пәндер мен нақты ғылымдардың байланысын қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, шағын зерттеулер мен жобаларды оқушылар назарына ұсына отырып, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін және фокустарын айқындауға мүмкіндік береді. Сабақ сапасын арттыру мақсатында оқушылармен сұрақ-жауап алмасу уақытында жоғары деңгейлі сұрақтардың терең, сыни және креативті тұрғыда ғана ойлап қана қоймай, өзіндік пікірлерін қалыптастыруларына жағдай жасайтынын ескерген жөн. Сондай-ақ, түрлі жобалармен жұмыс жасау барысында оқушылардың тақырыптар бойынша білімдері тек үстірт болмай, толығымен қамтылады. Сабақ тақырыбы мен мақсаттарына сай әр бөлімнің соңында жобалармен жұмысты енгізу арқылы қазақстандық оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыра алатындығы туралы ақпарат берілген. Жобалап оқыту әдістерін қолдану барысында қазақстандық және әлемдік тәжірибелер қолданылды.

**Кілт сөздер:** оқу жобасы, ойлау дағдылары, жоғары деңгей ойлау дағдылары, төменгі деңгей ойлау дағдылары, лингводидактика, оқыту модернизациясы, Блум таксономиясы.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Қияқбай Н., Арғынбаев Е., Адилбаева Р. Жобалап оқыту әдісі арқылы ойлау дағдыларын дамыту // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 395–407. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.31>

### \*Cite us correctly:

Qiiqbai N., Argynbaev E., Adilbaeva R. Jobalap oqytu adisi arqyly oilau dagdylaryn damytu [Developing Thinking Skills through Project-based Learning] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 395–407. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.31>

**N. Kiyakbay<sup>1</sup>, Y. Argynbayev<sup>2</sup>, R. Adilbayeva<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: nkiyakbay@gmail.com*

<sup>2</sup>*PhD, Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: yerzhan.argynbayev@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: rsaldy.adilbaeva@mail.ru*

### **Developing Thinking Skills through Project-based Learning**

**Abstract.** The article describes the role of the project-based learning method, which is a trend of updated educational content, in the formation of thinking skills. Project-based learning or a project method is seen as a means of developing critical, deeper, or higher order thinking skills than standard thinking models. It shows that it is possible to improve the quality of teaching by Kazakhstani school teachers by establishing interdisciplinary communication with other subjects with the help of a foreign language, by presenting various projects to the attention of students in the school context, and by aiming to teach based on the interests and needs of students. The effectiveness of the CLIL method in organizing project-based learning in foreign language classes is enormous. By organizing interdisciplinary integrations, it is possible to form connections between linguistic disciplines and science lessons. In addition, by presenting small researches and projects to the attention of the students, it allows to define the research abilities and focuses of the students. In order to improve the quality of the lesson, it should be noted that during the question-and-answer session with students, high-level questions not only think deeply, critically and creatively, but also create conditions for forming their own opinions. Also, in the process of working with various projects, students' knowledge of the topics is not only superficial, but fully covered. At the end of each section, in accordance with the subject and goals of the lesson, information is provided on how Kazakhstani students can develop thinking skills by introducing work with projects. In the process of using project-based learning methods, Kazakhstani and world practices were used.

**Keywords:** educational project, thinking skills, higher-level thinking skills, lower-level thinking skills, linguodidactics, modernization of teaching, Bloom's taxonomy.

**Н. Киякбай<sup>1</sup>, Е. Аргынбаев<sup>2</sup>, Р. Адилбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: nkiyakbay@gmail.com*

<sup>2</sup>*PhD, преподаватель Международного казахско-турецкого университета  
имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: yerzhan.argynbayev@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета  
имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: rsaldy.adilbaeva@mail.ru*

### **Развитие мыслительных навыков через проектное обучение**

**Аннотация.** В статье описывается роль метода обучения проекту, который представляет собой направление обновления содержания образования, в формировании навыков мышления. Обучение на основе проектов или учебный проект рассматривается как средство развития навыков критического, более глубокого или более высокого порядка мышления, чем стандартные модели мышления. Показано, что повысить качество преподавания казахстанскими школьными учителями можно путем установления межпредметной связи с другими предметами с помощью иностранного языка, представления

вниманию учащихся различных проектов в школьном контексте, стремления преподавать исходя из интересов и потребностей учащихся. Эффективность метода CLIL в организации проектного обучения на занятиях по иностранному языку огромна. Организуя междисциплинарные интеграции, можно сформировать связи между лингвистическими дисциплинами и реальными науками. Кроме того, представляя вниманию студентов небольшие исследования и проекты, он позволяет определить исследовательские способности и направленность студентов. В целях повышения качества урока следует отметить, что в ходе сеанса вопросов и ответов со студентами вопросы высокого уровня не только глубоко, критически и творчески обдумывают, но и создают условия для формирования собственного мнения. Также в процессе работы с различными проектами знания учащихся по темам не только поверхностные, но и полностью охватываются. В конце каждого раздела, в соответствии с темой и целями урока, приводится информация о том, как казахстанские школьники могут развивать навыки мышления, внедряя работу с проектами. В процессе использования проектных методов обучения использовались казахстанские и мировые практики.

**Ключевые слова:** учебное проектирование, навыки мышления, навыки мышления высокого уровня, навыки мышления низшего уровня, лингводидактика, модернизация обучения, таксономия Блума.

### Кіріспе

Соңғы уақыттарда шет тілін мектеп оқушыларына игертудің негізгі құралы ретінде жобалап оқыту әдісі кеңінен қолданып жатқаны белгілі. Аталмыш әдіс мазмұн мен тілді бір деңгейде үйретуге бағытталған. Шет тілін сабақтарына жобалап оқыту әдісін кірістіру арқылы ынталандырушы оқыту ортасын қалыптастырып қана қоймай, оқушылардың терең ойлау дағдыларын қалыптастыру мен өз білімдеріне жауапкершілікпен қарауға жағдай жасайды. Шет тілі пәндерінде жобалап оқыту әдісін біріктірген тұста мұғалімнің сыныптағы доминанттығы азайып, оқушылардың жаңа ақпараттарды өз бетімен ізденуге жол ашады. Бұл форматта оқыту оқушыға жаңа үйрену мүмкіндіктерін бергенімен, мұғалімге жаңа функциялар мен қызметтерді жүктейді. Себебі мұғалім күнделікті сабақ беру форматынан алыстап, жаңа қабілеттерді игереді және оқушылардың білімді игеруін қадағалауды ұйымдастырады. Н.В. Матяш пікірі бойынша мұғалімнің рөлі кеңес берумен шектеледі. Оқушылар өздерінің білімі мен дағдыларына сүйене отырып белгіленген проблеманың рационалды және тиімді шешімін табуға тырысады [1, 7-б]. Сонымен қатар, мұғалім тек оқушылардан жасақталған топ мүшелерінің арасында қорытынды өнімді жасау барысында функцияларды дұрыс реттеуге жағдай жасайды.

Мақаланың мақсаты – жобалап оқыту әдісінің көмегімен оқушылардың терең ойлау қабілетін дамытуға болатынын дәлелді түрде көрсету және жоба барысында Блум таксономиясының деңгейлерімен жұмыс жасай отырып, оқушының игерген білімінің сапасын арттыруға болатындығын дәлелдеу.

Бүгінгі білім беруде «жобалық білім беру» термині қолданысқа енуде. Яғни білім беру субъектісіне адамның өзі айналған шақта, адамның сапалы білім беруді жүзеге асыруға болады деген сөз. Яғни адам өз пікірі мен ұйғарымы бойынша осы әлемді қандай сипатта көретіндігі туралы идеялардың төңірегінде жұмыс жасайды.

Заманауи білім беру парадигмасы бастауыш сыныптардан бастап жобалап оқыту әдісіне сәйкес жұмыс істеуге бағыт алған. Осы орайда жобалап оқыту тек білім беру үдерісімен ғана шектелмей, қоғамның дамуының барлық аспектілерімен тығыз байланыста болады деп айтсақ болады. Яғни жобалап оқыту әдісі білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқарады.

*Әдебиетке шолу*

Жобалап оқыту әдісі көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны белгілі. Атап айтқанда, шетелдік ғалымдар Картер мен Томас, Шеппард пен Столлер, Фредрика Столлер және де бірқатар отандық ғалымдардан Мухатаева Д., Биекенов К., Зулкарнаева, Ж.А., Кусаинова А.Ж., Аргимбаева А.К. мен Шубаева Н.М. атты ғалымдар жобалап оқытудың әр түрлі бағытымен жұмыс жасағанына қарамастан, олардың пікірлері бойынша жобалап оқыту әдісі былай көрініс табады:

1. Жобалап оқыту тілдік мақсаттардан гөрі тақырыптың мазмұндық мақсаттарына назар аударады.

2. Жобалап оқыту әдісі – білім алушыға бағытталған әдіс түрі, дегенмен де жоба барысында мұғалім мұнда негізгі қызметті атқарады: нұсқаушылық және қолдау.

3. Жобалап оқыту әдісі бәсекелестікке емес, бірлестікке негізделген. Себебі оқушылар жеке және топтық жобалық жұмыстарды орындап, жоба соңында қорытындысымен, идеяларымен және жасаған тәжірибелерімен аудиториямен бөліседі.

4. Жобаларды орындау барысында оқушылар шынайы өмірге негізделген тапсырмаларды орындауы мүмкін. Яғни алынған ақпараттар мен тәжірибелерді қабілеттеріне қарай бірлестіреді.

5. Жобалық жұмыстың кульминациясы – қорытынды өнім. Яғни оқушылар жоба барысында жасаған жұмыстарын белгілі бір өнім арқылы демонстрация жасауы қажет. Ол түрлі түрде жүзеге асуы мүмкін: ауызша презентациялар, постер, реферат, видео немесе сауалнама жүргізу. Бұл өнімдерді орындау оқушыға еркіндік пен дәлдік қырларын дамытуға мүмкіндік береді. Қорытынды өнімді жасау барысында оқушылар белгілі бір дағдылар мен білімді игереді. Дегенмен олардың қорытынды өнімдері әлеуметтік маңызы бар өнім болмауы әбден мүмкін. Қорытынды өнім түріне қарай жобалық жұмыстың негізгі қасиеттері мен қызметі анықталады.

6. Жобалар әдетте оқушыларды жаңа белестерге шабыттандырады, ынталандырады және жігерлендіреді. Көптеген жағдайларда тілдік қабілеттерді дамытып, тақырыптың мазмұнын қамтуға және танымдық дағдыларын жетілдіруге ғана көмектесіп қана қоймай, оқушының өз-өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға, өз әрекетін бағалауға, дербестігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біздің өмір сүріп жатқан дәуірімізде тек білімді ғана дамыту жеткіліксіз, сонымен қатар, қабілет пен дағдыны дамыту маңыздылығы да бар. Осы мақсатта ҚР президенті Қ.К. Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс», – деп нақты атап кетті [2]. Себебі, мектеп – фундаменталды білім мен қабілеттерді қалыптастырушы мекен. Яғни орта білім жұмысы дұрыс бағытқа қойылса, біздің оқушылар мамандық таңдаудан жаңылыспай, өз салаларының үздігі боларына сенім мол.

Бүгінде қазақстандық мектептерде орта білімді аяқтаған соң, оқушы алдына таңдау қойылады, яғни екі бағыттың бірін таңдау құқығы беріледі: біріншісі – жаратылыстану, екіншісі – гуманитарлық бағыт. Әр бағыттың өз ерекшелігіне қарай оқу бағдарламалары бар. Әйтсе де ары қарай мектеп бітіру барысында оқушылардың көпшілігі мемлекеттік грантты үлестіру бойынша мамандықтарды таңдап кететіні жасырын емес. Сонымен қатар, бақылау түрлеріне келсек, бөлім бойынша жиынтық бақылау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бақылау (ТЖБ) формаларында тек игерілген білімді тексеруге бағытталған. Яғни сол тақырып аясындағы дағдылар бағалаудан тыс қалып жатады. Атап айтқанда, шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың айтылым дағдысын қалыптастыру, максималды түрде оқушылардың сабақта ағылшын тілінде сөйлеуін қамтамасыз ету керек дейміз де, оны бағалау тек Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда ғана кездеседі. Мектеп түлектерінің

мемлекеттік емтиханы академиялық сипат алған. Дегенмен де емтихан барысында шет тілінде ең қажет дағдылар саналатын айтылым және тыңдалым дағдылары қамтылмаған. Яғни оқушыларға эссе жазу және оқылым дағдысы бойынша тапсырмалар ғана берілген. Осы орайда осындай аталмыш емтихандар субъектіге басқаша орындалатынын байқауға болады. Яғни бітіруші сынып (A level оқушылары) оқушылары қорытынды бағаларын алу үшін арнайы жоба орындайды. Жобалар белгілі бір критерий бойынша бағаланады.

Жобалап оқыту әдісінің негізгі мақсаты – оқушының тұлғалық дамуы. Яғни аталмыш әдіс оқыту үдерісінің негізгі субъектісі ретінде оқушыны белгілейді және оқушының жобаның орындалуына атсалысуын көздейді. Мұндағы субъект деп тұрғанымыз – индивидтің ерекше сатысы. Яғни индивид өз әрекетінің маңыздылығын, мақсатын, міндетін түсінген сәтте ол тұлғаға немесе субъектіге айналады. Сонымен қатар, сабақ барысында жобалап оқыту әдісін қолдану оқушының тұлғалық дамуына тек қысқа уақытқа бағдар жасаумен шектеледі. Дегенмен де жобаның мерзіміне сәйкес бағдар ұзақмерзімді болуы да мүмкін.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Зерттеу барысында біз білім беруде жалпы қабылданған зерттеу әдістерін қолдандық: сипаттамалық, құрылымдық және сапалық. Оқушылардың жобаларды орындау барысында фокус топтармен жұмыс жүргізу мен бақылау әдістері қолданылды. Оқушылар жобаларды жасау үдерісінде байқалған кез келген өзгерістер құжаттар ретінде бекітіліп отырды. Сонымен қатар, оқушылардың өздеріндегі болып жатқан оңды өзгерістерін интервью түрінде рефлексиямен жеткізіп отырды. Себебі сандық өлшеуші тәсілдер оқушылардың рефлексиясын толыққанды аша алмағандықтан, әр оқушымен интервью ретінде жүргізіліп, жазба жасалды.

Сапалы бойынша зерттеу жүргізіп жатқандықтан, өзіміз зерттеп жатқан оқушылардың айғақтарын егжей-тегжейінен білуге тырыстық, себебі олар бізге басты ақпаратты берушілер деп қарастырдық. Зерттеу барысында ақпарат берушілердің пікірлері мен кірістерін құрастыру, салыстыру және бағалау арқылы қорытынды жасалды. Біздің пайымымыз бойынша зерттеуіміз көбінесе құбылыстың, корреляцияның немесе мінез-құлықтың артындағы «неге» деген сұраққа жауап беруге бағытталды.

Сонымен қатар, негізгі мақсат оқушылардың ойлау дәрежесін бақылау болды. Яғни жоба барысында оқушылар «How» және «Why» сұрақтарына өздерінің пікірлерін ескере отырып жауап беруі бақыланды. «How I see the touristic perspectives of kazakhstani tourism?» тақырыбы бойынша сынып төрт топқа бөлініп, әр топ өзінің постерлерін дайындап, оны сынып алдында қорғау көзделді. Бөлінген топтарда әр оқушының жоба барысына жұмылуы негізгі шарт болып есептелінді. Яғни білім беруде көшбасшылықты дамыту мақсатында әр топтан барлық үдерісті қадағалап отыратын топ менеджері бекітілді. Топ мүшелері тақырып аясында Қазақстанда орналасқан туристік дамуы мүмкіншілігі бар бір нысанды тауып SWOT анализ негізінде постер жасап шығуы тиіс болды. Анализ нәтижесінде таңдалған нысанның ұтымды тұстарын, әлсіз, дегенмен дамытуды талап ететін тұстарын, болашақта қандай мүмкіндіктері барын және қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін екендігін болжауы сұралды.


Постерді даярлау барысында мұғалімнің тарапынан қосымша мына сұрақтар қойылды:

1. Why have you chosen this place?
2. Why do you think this place has many perspective opportunities?
3. What benefits do you see in touristic development of this project? Why?
4. What are other possible opportunities after realization of the project?
5. What kind of anticipated problems may appear during project realization? What are the solutions of them?
6. How do you call investors to implement the project?
7. How do you predict the benefits after projects realization?

Оқушылар жоғарыда атап көрсетілген сұрақтарға жауап беру арқылы шет тілдері бойынша білімдерін жетілдіріп қана қоймай, экономика және нақты ғылымдармен интеграцияға түседі. Яғни ағылшын тілінің көмегімен басқа салаларды еркін игере бастайды. Ескеретін жәйт, мұғалімнің жасақтаған бағалау дискрипторында жоба қорғау барысында оқушылардың толығымен қамтылғаны, терең ойлау сұрақтарына мүдірмей жауап бергендігі, тақырыпты қамту деңгейі, басқа салаларды қаншалықты зерттегендігі және тіл тазалығы мен шет тілінде еркін сөйлеуіне назар аударылады.

### Талдау мен нәтижелер

Біздегі ТЖБ мен БЖБ сынақтары да белгілі бір жобалармен жұмыс жүргізу арқылы бағаланатын болса, президентіміз айтқан оқушылардың қабілеттерін көруге мүмкіндік туатын еді. Сонымен қатар, оқушылардың сыни, креативті және анализдік ойлау дағдыларын қалыптастырудың негізі – жобалық тапсырмаларды орындау. Әлемнің жетекші мектептерін былай қойғанда, университет қабырғасында орындалатын дипломдық және магистрлік жұмыстары жобалық жұмыстармен алмастырылуда. Қазақстан жағдайында жобалық жұмыстар тек мектеп қабырғасында орындалады және тек қандай да бір олимпиадалық сипат алған. Дегенмен сабақтың бірсарындылығын азайту мақсатында түрлі жобаларды ұйымдастыру тек мұғалімнің шеберлігінде қалып тұр. Дж.Хенри жобалардың ұйымдастырылуы бойынша атап өткендей, жобалар 1-суреттегідей бөлінеді:




1-сурет – Жобалардың ұйымдастырылуы бойынша түрлері

Қазақстандық мектептерде жоба жұмысы көбінде құрылымдық сипат алған. Яғни жобалар тек мұғалімнің тарапынан ұсынылады. Бұл жердегі ынталандырушы күш ретінде тек мұғалімдерді қарастыра аламыз. Ал оқушылар ойлау дағдыларының толыққанды қалыптаспағандығынан, нақты өз жобаларын немесе зерттеу жүргізгісі келетін тақырыптарды мұғалімге ұсынуға батылдығы бара бермейді. Сондықтан қазақстандық білім беруде оқушылардың қажеттіліктеріне назар аудара отырып оқытуды жобалап оқыту әдісі арқылы бастаған жөн. Себебі жобалап оқыту әдісі интербелсенді оқыту ортасын қалыптастыратыны белгілі [3, 250-б].

Шет тілі пәндерін оқытуда CLIL-дің алатын орны айрықша. CLIL дегеніміз – пән мазмұны мен шетел тілін кіріктіре оқыту. Шет тілін оқыту білім берудің әртүрлі деңгейлерінде тіл мен оның мазмұндық контексті өзара жүйелі әрі тығыз байланысты болғанда тиімді болып табылады [4, 115-б]. Яғни жаңартылған оқу бағдарламасында шет тілі оқулықтарында CLIL компоненттері көптеп берілген. Сонымен қатар, жобалап оқыту әдісі көбінесе өмірлік компоненттерге негізделген. Яғни оқушылар өз өмірлерінде немесе қоршаған ортада болып жатқан дүниелерді зерттеуге және бақылауға бағытталған.

Жобалар мәліметті жинау техникалары мен ресурстарына қарай мынадай типтерге бөлінеді:

- *Зерттеу жобалары* – кітапханадан ақпарат жинауды қажет ететін жобалар типі.
  - *Мәтіндік жобалар* – мәтінмен жұмыс жасауды талап ететін жобалар типі (әдебиет, реферат, газеттер, видео және аудио материалдар және компьютерленген ақпараттар жиыны)
  - *Корреспонденциялық жобалар* белгілі бір мекеме немесе тұлғамен (бизнесмен, мемлекеттік ұйымдар, мектептер және сауда палаталары) байланысқа түсуді талап етеді. Байланыс хат, телефон қоңырауы, факс және электронды хабарлама арқылы жүзеге асады.
  - *Сауалнама жобалары* таргетті ақпаратты берушілерден сұхбат жүргізіп, алынған жауаптарды жинақтап және анализ жасауды талап етеді.
  - *Кездесуді қажет ететін жоба* белгілі бір тұлғамен бетпе-бет кездесу ұйымдастырады [5, 59-6].
  - *Өнім тудырушы жобалар* мектеп бұрышына түрлі коллаждарды жасау, видео өнім, радио хабарламалар, постер сессиялар, жазба жұмыстары, фото эссе, хаттар, кітапшалар, брошюралар, банкет мәзірлері және т.б. өнімдерді тудыру арқылы орындалады.
  - *Қойылымдық жобаларға* пьесалардың немесе шығармаларды сахналық қойылымдар, дебаттар, ауызша презентациялар, жәрмеңкелер және сән шоуларын ұйымдастыру жатады.
  - *Ұйымдастырушылық жобалардың* өзгешелігі жоспарлау және арнайы клуб, пікірталас немесе дөңгелек үстелді ұйымдастыруда болып табылады.
- Жобалардың қай түрі болмасын жоба жұмысын орындаудағы мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушылардың терең және сыни ойлау қабілеттерін дамыту. Бұл ойлау түрлері жобаны орындау барысындағы метатаным арқылы қалыптасады. Себебі жобалармен жұмыс жасау метатаным үшін продуктивті ортаны қалыптастырады [6, 609-621-бб.]. Таным үдерісін жүргізу барысында ойлау сұрақтарының түрлері бойынша сұрақ түзу – өте маңызды. Ойлау сұрақтарының деңгейлік жітемесін 2-суреттен көруге болады.



**2-сурет – Ойлау сұрақтарының деңгейлік жітемесін**

Мұндағы төменгі деңгейлі сұрақтар механикалық сипат алған және көп ойлануды талап етпейді. Яғни олар берілген материалға үстірт қарайды. Көбінесе мұндай сұрақтар what, when, where, who сұрақтарын қоюмен шектеледі. Мысалы:

- What is the capital of England?
- Who is the king of Great Britain?
- How many stars are there in the flag of the USA?
- Who is the president of the USA?

Байқалғандай бұл сұрақтарға оқушылар автоматты түрде жауап бере алады. Яғни бұл сұрақтар пікір таласуды қажет етпейді. Аталған сұрақтардың көпшілік жауаптарын энциклопедиялар, тарихи құжаттар мен мұрағаттардан табуға болады.

Ал жоғары деңгейлі сұрақтар бұған мүлдем қайшы сипат алған. Себебі нақты жауапты бермес бұрын ол сұрақ бір іздену мен зерттеуді талап етуі мүмкін. Яғни оқушы бұл жерде өз пікірін де білдіруге мүмкіндік алады. Көбінесе Why? If \_\_\_\_, How do you think \_\_\_\_, What are the advantages and disadvantages of \_\_\_\_, What can you infer \_\_\_\_, What can you point out about \_\_\_\_, What evidence in the text can you find that \_\_\_\_? сияқты сұрақтардан құралады.



Оқушылардың сыныпта және жобаны орындау барысында сыни тұрғыдан ойланатын сұрақтарды қоюдың тиімділігі орасан зор. Осы мақсатта мұғалім тек аталмыш сұрақтарға жауап бере алатын оқушының моделін ғана жасап қоймай, сондай ортаны қалыптастырудың маңыздылығы бар екенін айта кету қажет. Ол үшін мұғалімдердің мына стратегиялар бойынша жұмыс жасауына көңіл бөлу керек:

- Сабақтың барлық бөлігінде терең ойлауды талап ететін сұрақтарды қою;
- Сұрақ қойылған соң, жауаптарын нақты ойлануға мүмкіндік беру;
- Басқа оқушылардың да пікірін білдіруіне жағдай жасау немесе жолай сұрақтар қою;

Жобалап оқыту әдісінде өздері білетін білімді қолдана отырып, жаңа ізденіске түсіп, ақпаратты құрылымдар бойынша орналастырады. Ақпаратты өңдеу жобаны орындау барысында жүзеге асады. Дж.Дью пікірі бойынша жобаларды орындау оқушылардың қаншалықты тақырыпты игергендігін анықтауға мүмкіндік береді [7, 205-б]. Сондай-ақ, Катз бен Чардтың ойына сүйенсек, жобалармен жұмыс жасау оқушы қызығушылығы мен қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді [8, 98-б].

Қазақстандық білім беру стандарттары бойынша оқушының ойлау қабілетін дамыту – негізгі мақсат. Ойлаудың түрлі дәрежелері мен классификациялары бойынша жұмыс атқаратын негізгі әдіс жобалап оқыту әдісі екендігі белгілі. 3-суреттен ойлау классификациясының жұмыс істеу циклін көруге болады:



3-сурет – Ойлау классификациялары

Сонымен қатар, жобалап оқыту әдісінің әр сатысында Блум таксономиясымен де жұмыс жасалады. Себебі Блум таксономиясы баланың түрлі ойлау түрлерімен жұмыс жасауға бағыттайды. Яғни жобаларды орындау барысында оқушы өзінің сыни және креативті ойлау түрлерін дамытатын әрекеттер тобын жасайды. Бұл ойлау түрлерінің ішінде сыни ойлау дағдыларын дамыту – күрделі міндет, сондықтан когнитивті психологияның негізгі түсініктері мен тұжырымдамаларына көңіл аудару қажет [9, 328-б]. Блум жүйесі Орлич пікіріне сүйенер болсақ, Блум таксономиясы бойынша жобалардың өту кезеңдері төмендегіше жұмыс атқарады және ол біздің сабағымызда былай көрініс тапты [10]:




**1-кесте – Блум таксономиясы бойынша жобалардың өту кезеңдері**

№	Деңгей түрлері	Әрекеті	Бағыты	Тәжірибелік сабақ барысы
1.	Білім	Оқыту	Есте сақтауға, жаттауға, тануға, еске түсіруге бағытталады.	Туризм тақырыбындағы сөздік бірліктерді жаттау.
2.	Түсіну	Таным	Мазмұнын айту, ақпаратты бір күйден екінші күйге аудару, өз сөзімен жеткізіп айту.	Топ мүшелерінің арасында белгіленген нысанның тиімділігі бойынша талқылау және талқылау барысында сөздік бірліктерді қолдану.
3.	Қолдану	Пайдалану	Мәселені шешу, нәтиже алу үшін ақпаратты пайдалану	Өздері белгілеп алған туристік нысанға ұқсас басқа да нысандардың жұмысына баға беру. Басқа нысанның жұмыс істеу механизмінің мәліметін пайдалану.
4.	Талдау	Анализдеу	Бөліктерге бөлі арқылы тұтас нәрсені көру, қатысымдықтың ішкі құрылымын табу, себептерін анықтау	SWOT анализ арқылы белгіленген туристік нысанның дамуын жоспарлау.
5.	Синтез	Жасап шығару	Ауызша немесе нақты пән ретінде өзіндік ерекше туынды жасау	Постер жасап шығарды және оны сыныптастарының алдында қорғау.
6.	Бағалау	Түрлі көзқарастармен жұмыс істеу	Бағалау шешімдері қабылданады, қарама-қайшы немесе әртүрлі көзқарастар шешіледі.	Қарсылас топтардың жобалары бойынша есептерін тыңдау, ұтымды және ұтымсыз жақтарына баға беру. Жоба барысында өздерінің игерген білімі мен дағдысына рефлексивті баға беру.

Жобалардың жүзеге асырылу барысы 4-суреттегі жобалардың орындалу сатыларына сәйкес жүрді.

Жоба сатыларының дұрыс орындалу деңгейін байқау үшін «Travel and tourism» тарауы бойынша «How I see the touristic perspectives of kazakhstani tourism?» тақырыбы таңдап алынды. Тақырып бойынша жобаны орындау екі академиялық сағатты құрады. Алғашқы сабақ барысында қазақстандық туризм туралы жалпы мәліметтер мен фотосуреттерді жинау сынды іс-әрекеттер орындалса, екінші сабақта оқушылар топқа бөлініп, отандық туризмді дамыту жолдары бойынша постер құрастырды. Әр топ өзінше бір туристік зоналарды алып, сол зоналардың ары қарай даму жолдарын, стратегиясы мен экономикасын жасақтап шығаруы тиіс еді. Соңында топтар постер қарсылас топтарға ұсынып, қорғау ұйымдастырылды. Мазмұндық талаптарға сәйкес барлық топ мүшелері жобаның орындалуына ат салысты және тілдік талаптарға сәйкес барлық оқушылар жоба қорғауында өз ойларымен бөлісті. Жоба соңында оқушылар аналитикалық және сыни ойлау дағдыларының артқанын қорытынды өнімнің демонстрациясында көрсете алды.



4-сурет – Жобалардың орындалу сатылары

Оқушылардың қорытынды өнімдерін демонстрацияларын өткізу сәті мына сілтеме арқылы қолжетімді: <https://youtube.com/shorts/HgcpGFhdEс?feature=share>. Сондай-ақ, жоба соңында оқушылар тарапынан ұсынылған рефлексивті сұхбатта жобаның сәтті шыққандығын және ойлау дағдыларының тереңірек және жүйелі дамып жатқандығын байқауға болады.

Сондай-ақ, жобаларды орындау дифференцияның орындалуын қамтамасыз етеді. Себебі, қазақстандық білім беру моделінде ағылшын тілі пәндерінде сыныптар тілдік қажеттіліктеріне қарай бөлінбегендіктен, әр оқушымен саралау жұмыстарын ұйымдастыруды талап етеді. Осы орайда жобалап оқыту әдісі оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарымен терең жұмыс жасауды қамтамасыз етеді. Яғни жобаны орындау барысында барлық оқушылар жұмылып жұмыс жасағандықтан, мұғалім әр баламен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік алып, әр баланың ойлау дағдысын бағалай алады.

Күнтізбелік тақырыпқа сәйкес мазмұнмен бірге кіріктірілген қабілеттерді де оқыту мақсаттары да болғанын атап айту қажет:

- Оқушыларды тақырыпқа сай жаңа сөздік қорлар мен жана ақпаратты игеруге шабыттандыру;

- CLIL компоненттерін кірістіру, яғни ағылшын тілінің көмегімен басқа дүниелерді үйренуге баулу;

- Түрлі ақпараттар кеңістігінен академиялық нақты ресурстармен жұмыс жасауды үйрету;

- Оқушының өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

Жобаларды бағалау барысында мына тапсырмаларға баса назар аударылды:

- Тапсырманың орындалу деңгейі;

- Тілдік мақсаттарға қол жеткізу;

- Қорытынды өнімнің презентациясын берілген талаптарға сай орындау;

- Айтылым қабілеттерін дамытуды орындау;

- Оқушылардың терең ойлау деңгейін бақылау;

- Жобаның әр сатысында Why және How сұрақтарына жауап беру.

Шет тілі пәндерінде мазмұнға негізделген оқыту мен оқыту жобаларын ұйымдастыру үйренуші ортаны қалыптастыруға және өзара қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды. Мұғалімнің ой ұшқырлығына қарай, жобалап оқыту дәстүрлі оқыту үдерісінде үлкен өзгерістердің орын алуына мүмкіндік береді. Себебі оқушының тұлғалық ерекшеліктеріне қарай әр дағдымен терең жұмыс жасауға жағдай орнатады. Назарбаев зияткерлік мектептерінің XIII ғылыми-практикалық конференциясының пленарлық сессиясында Дэвид Марш Финляндияның әлем бойынша үздік білім беру жүйесінің қалыптасуындағы жеті тренді ретінде жобалап оқыту әдісін атап өтті. Себебі жобалап оқыту әдісі пәнаралық байланысты қамтамасыз етіп қана қоймай, инклюзивті балалармен жұмыс жасауға септігін тигізеді. Себебі ағылшын тілі барлық ғылым салаларымен интеграцияда жұмыс жасай алады. Яғни оқушы қызығушылығы мен қажеттілігіне қарай жобаларды ұйымдастыру әр оқушымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Осы орайда И.А. Сасованың: «Жобалап оқыту әдісі қазіргі таңда әлемде танылған барлық педагогикалық идеялардың синтезі екенін байқауға болады. Бұл – өз кезегінде әлем халықтарының рухани қарым-қатынасының белгісі. Сондықтан да бұл әдіс әлемнің барлық мектептерінде қолдануға болатын педагогикалық құрал болып табылады», - деген пікірін қолдаймыз [11, 43-б].

Нәтижесінде оқушылар өздерінің қорытынды өнімдері ретінде өз постерлерін ұсынды. Топтық жұмыс болғандықтан, топ мүшелерінің өзіндік функцияларын да белгілеу арқылы постерді сапалы орындай алғандығын алға тартты.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақстандық білім беру жүйесінде терең сыни ойлай алатын және рефлексивті тұрғыдан өз көзқарастарын толыққанды жеткізе алатын оқушы моделін қалыптастыру бүгінгі қоғамда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқушының тілдік тұлғасы тек ана тілі пәндерінде ғана қалыптасып қоймай, шет тілі пәндерінде де жүретін үздіксіз үдеріс екені белгілі. Қазіргі уақытта шет тілін игеру тек тренд ретінде емес, заманауи қажеттілік екенін ескеретін болсақ, шет тілі сабақтарын түрлі форматта өткізу арқылы мектеп жағдайында оқушылардың қажеттіліктерімен дұрыс бағытта жұмыс жасау қажеттілігі артып тұр. Қазақстандық білім беру жүйесі соңғы жиырма жылда өте көп модернизацияға ұшырауының нәтижесінде бүгінде қазақстандық мектептер көптеген зерттеу ошақтарына айналды деуге негіз бар. Себебі дәстүрлі білім беруден жаңартылған білім беру жүйесі тек формалды түрде ғана емес, жүйелі түрде жұмыс істеуі тиіс. Сонда ғана білім беру мекемелеріндегі өзекті проблемалар айқындалады, сол проблема негізінде жұмыстар орындалады және шешіледі. Жобалап оқыту әдісі – сол проблемалардың төңірегінде жұмыс жасауға мүмкіндік туғызатын инструмент. Егер білім беру жүйесі әр оқушының мүддесіне жұмыс жасайтын болса, оқушы адамзаттың мүддесіне жұмыс жасайды. Себебі бүгінгі оқушылардың ойы ертеңгі мықты идеялардың қалыптасуына алып келеді.

Осы орайда оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуды сабақ барысында түрлі жобаларды ұйымдастыру арқылы қолдауға болады. Яғни оқушылар бір сарынды форматтан ығысып, өздерін зерттеуші ретінде сезіну арқылы оқушылардың зерттеушілік және ойлау дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Бұл мақалада жобалап оқыту әдісінің Блум таксономиясына сәйкес терең, креативті және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыратынына көз жеткіздік. Жоба жұмыстарының шығармашылық жұмыс екенін ескеретін болсақ, оқушылар мұндай жұмыстарды асқан энтузиазм мен қызығушылықпен орындайды. Яғни бұл дегеніміз шет тілі пәндерінің ойлау дағдыларын дамытуда және тілдік тұлғасын дамытудағы рөлі орасан зор екендігін білдіреді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Матяш Н.В. Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение: учебное пособие для студентов учреждений высшего образования. – М.: Издательский центр «Академия», 2016. – 160 с.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. [Электронды ресурсы]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy). (қаралған күні: 15.10.2022)
3. Synteta P., Schneider D. How XML can scaffold project-based learning // In Proceeding of the 4<sup>th</sup> International Conference on New Educational Environments (ICNEE'02). – Lugano, 2002. – P. 250–255.
4. Исабекова Г.Б., Дүйсенова Н.Т. CLIL оқыту материалдарын зерттеу // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1(123). – Б. 113–123.
5. Legutke M., Thomas H. Process and experience in the language classroom. – New York: Longman, 1991. – 59 p.
6. Downing K., Kwong T., Chan S., Lam T., Downing W. Problem based-learning and the development of meta-cognition // Journal of Higher Education. – 2009. – №57(5). – P. 609–621.
7. Dewey J. Experience and education. – New York: Macmillan, 1938. – 205 p.
8. Katz L.G., Chard S.C. The project approach. – Norwood, NJ: Ablex, 1989. – 98 p.
9. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері [Learning as inquiry and inquiry as learning. Forms and methods of developing students' critical thinking]. – Қарағанды: Қазақстан Оқу Ассоциациясы, 2011. – 368 б.

10. Orlich D.C. An Examination of the Longitudinal Effect of the Washington Assessment of Student Learning (WASL) on Student Achievement // Education Policy Analysis Archives, 11(18). [Электронды ресурс]. URL: <http://epaa.asu.edu/epaa/v11n18/>. (қаралған күні: 07.10.2022)
11. Сасова И.А. Метод проектов в технологическом образовании школьников: учебно-методическое пособие. – М., 2003. – 43 с.

#### REFERENCES

1. Matiash N.V. Innovacionnye pedagogicheskie tehnologii. Proektnoe obuchenie [Innovative pedagogical technologies. Project training]: uchebnoe posobie dlia studentov uchrejdeniy vysshego obrazovaniia. – М.: Izdatelskiy centr «Akademiia», 2016. – 160 s. [In Russian]
2. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyн Qazaqstan halqyna joldaу [Head of State Kassym-Jomart Tokayev's message to the people of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaу](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaу). (qaralghan kuni: 15.10.2022) [In Kazakh]
3. Synteta P., Schneider D. How XML can scaffold project-based learning // In Proceeding of the 4th International Conference on New Educational Environments (ICNEE'02). – Lugano, 2002. – P. 250–255.
4. Isabekova G.B., Duisenova N.T. CLIL oqytu materialdaryn zertteu [Research of CLIL Teaching Materials] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №1(123). – B. 113–123. [In Kazakh]
5. Legutke M., Thomas H. Process and experience in the language classroom. – New York: Longman, 1991. – 59 p.
6. Downing K., Kwong T., Chan S., Lam T., Downing W. Problem based-learning and the development of meta-cognition // Journal of Higher Education. – 2009. – №57(5). – P. 609–621.
7. Dewey J. Experience and education. – New York: Macmillan, 1938. – 205 p.
8. Katz L.G., Chard S.C. The project approach. – Norwood, NJ: Ablex, 1989. – 98 p.
9. Mirseitova S. Oqytu izdenis retinde jane izdenis oqytu retinde. Oqushylardyn syn turgysynan oilaуn damyту nysandary men adisteri. – Qaragandy: Qazaqstan Oqu Associaciiasy, 2011. – 368 b. [In Kazakh]
10. Orlich D.C. An Examination of the Longitudinal Effect of the Washington Assessment of Student Learning (WASL) on Student Achievement // Education Policy Analysis Archives, 11(18). [Electronic resource]. URL: <http://epaa.asu.edu/epaa/v11n18/>. (qaralghan kuni: 07.10.2022)
11. Sasova I.A. Metod proektov v tehnologicheskom obrazovanii shkolnikov [Project method in technological education of schoolchildren]: uchebno-metodicheskoe posobie. – М., 2003. – 43 с. [In Russian]